

A 2010
5028

01.10.10

ӘОЖ. 821.512.122 (091)

Қолжазба құқығында

НУРЛАНОВА АСЕМ НУРЛАНКЫЗЫ

«Еңлік-Кебек» сюжеті әдеби және тарихи контексте

10.01.02 – Қазақ әдебиеті

Филология ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2010

Н 80

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалды

Ғылыми жетекші:

филология ғылымдарының докторы,
профессор **Б.Әбдіғазизұлы**

Ресми оппоненттер:

филология ғылымдарының докторы,
профессор **З.Бисенғали**

филология ғылымдарының кандидаты,
доцент **С.Қожағұлов**

Жетекші ұйым:

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институты

Диссертация 2010 жылғы «29» қазанда сағат 16.00-де Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы филология және педагогика ғылымдарының докторы (кандидаты) ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 14.05.05 диссертациялық кеңесінің мәжілісінде (050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13, мәжіліс-залы) қорғалады.

Диссертациямен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің кітапханасында танысуға болады (050010, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30).

Автореферат 2010 жылы « 27 » қыркүйекте таратылды.


Диссертациялық кеңестің

ғалым хатшысы міндетін атқарушы

филология ғылымдарының докторы, профессор

Т.Тебегенов

Т.Тебегенов



КІРІСІМЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Тарихтың талай-талай талқысына түскен халқымыз бүгінгі тәуелсіздік таңында өткен дәуірлердің сан ғасырлық жолынан сабақ ала отырып, кемел келешекке аттанып барады. Сол тарихпен бірге жасасып келе жатқан туған әдебиетіміздің көптеген көне сырларды бойына бүгіп жатқаны белгілі.

Осындай бір тарихтан әдебиетке көшкен оқиға – XVIII ғасырда Семей өңірінде болған Еңлік қыз бен Кебек атты жігіт турасындағы трагедия. Ел тұтқалары ру арасындағы кикілжінді қақтығысқа айналдырмау үшін ат құйрығына байлап ажалға кескен қос қыршын хикаясы бір ғасыр салып Абайдың өзі ұйытқы болуымен қазақ әдебиетінің жаңа биігін бағындыруға ұмтылған жас толқынның талқысына түсіп, жаңа туындылар легін әкелген еді. Ол шығармалар – «Дала уалаяты газетінде» жарияланған «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» және «Қазақ турасынан хикая» атты екі әңгіме мен Мағауияның, Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмалары және М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы.

Ақиқаты мен аңызы аралас жатқан оқиғаның әдебиетке қоныс аударуына тікелей Абайдың және оның әдеби ортасының ықпалы болған. Бұл жерде аға ақын, бір жағынан, ел арасында «бұзақы» атанып, теріс бата алған екі ғашық – Еңлік пен Кебекті келешек ұрпақ алдында ізгілік жолымен ақтап алуға ұмтылса, екінші жағынан, ел тағдыры мен ер тағдыры таразыға түскен сюжетті тақырып етіп бере отырып, жас дарынның қаламын ұштау мақсатын алға тартса керек.

Еңлік-Кебек сюжетіне арналған туындыларды талдау барысында әр суреткердің шығармашылық ұстанымы, идеялық-эстетикалық талабы, ол өмір сүрген дәуір мен ортаның талғамы және болған оқиғаға автордың өз үкімімен қатар қаламгерлік қарымын да тани аламыз.

Диссертацияда Еңлік-Кебек дауын туғызған мәселенің түп-төркіні тарихқа барлау жасау арқылы талданып, осы сюжеттің көркемдік шындыққа айналу шежіресі зерттелді. Нұсқаларды салыстыра, салғастыра саралау барысында әр шығарманың тақырыптық-идеялық өзегі мен композициялық құрылымы, тарихи қаһармандардың көркемдік образға айналу сыры, сюжетті қайта жаңғыртып берудегі авторлардың алға қойған мақсаты мен өзіндік қолтаңбасы анықталды.

Тақырыптың өзектілігі. Қазақ әдебиеті – ұлттық мәдениетіміз бен рухани өміріміздің бөлінбес бір бұтағы, ажырамас арнасы. Туған әдебиетімізді ғылыми түрде зерделеудің алынбаған асулары әлі де алда. Солардың бірі – Еңлік пен Кебек оқиғасын арқау еткен шығармаларды салыстыра зерттеу мәселесі. Әрине, аталмыш сюжетке қалам тартқан туындыгерлердің шығармашылық өмірбаяны, әдеби мұрасы әдебиет тарихы тұрғысынан біршама зерттеліп, кең арнаға ұласты. Диссертациялар қорғалып, монографиялар да жазылды. Әдебиет тарихына «Еңлік-Кебек» деген атпен енген туындылар жайлы да аз айтылған жоқ. Дегенмен олардың барлығын бір диссертациялық зерттеу шеңберінде қатар алып салыстыра саралау мәселесі арнайы зерттеуді қажет етеді. Оның

үстіне аталмыш шығармалардағы тарих пен таным, тартыс пен тамырластық сияқты мәселелерді зерделеуде әр буынның, әрбір зерттеушінің өзіндік үні, пайым-түсінігі болары сөзсіз.

Осы ретте аталмыш суреткерлердің барлығының да шабыт шырағын лаулатқан ортақ сюжет – Еңлік пен Кебектің мұңлы махаббаты туралы көркем тарихтың жаңа ғасыр көгінде дабыл қақтыруы – уақыт талабынан туған қажеттілік.

Еңлік пен Кебек хикаясын сөз еткенде, тарих пен таным, салт пен сана, ұлттық діл, қоғам мен заман тынысы сияқты тамыры тұтас мәселелерге соқпай кетуге болмайды. Сондай-ақ, әр қаламгердің өзіндік көзқарасы мен заманы, ортасы тудырған пайымы жатыр. Ендеше бұл шығармалар әлденеше қырынан зерттеуді талап етері хақ.

Еңлік пен Кебек заманындағы қазақ тарихының кескіні, олар өмір сүрген орта, осы бір трагедиялық хикаяға қазақ-жоңғар қатынастарының әсері, қазақ руларының шешеннің тілімен, найзаның жүзімен шешкен тағдыр-талайы, сондай-ақ әр ғасырда, әр қилы қоғамда өмір сүрген әр басқа қаламгерлердің әр жанрдағы шығармаларының ақын-жазушы көкейінде қорытылып шығу тарихы, өмірлік шындықтың көркемдік ғұмыры, әр қаламгер аңыз сюжетін өзінің шығармашылығында қалай пайдаланғаны, тип және прототип, т.б. мәселелер диссертациялық деңгейде түбегейлі зерттеуді қажет етеді.

Әр туындыда ұқсас оқиғалар, бірдей кейіпкерлер өзгеше сипат алып, өзгеше құбылады. Оқиғаның осы ортақ бір мотиві Шәкәрімнің, Мағауияның және М.Әуезов пен прозалық нұсқа авторы шығармашылық лабораториясының ерекшелігін, олар өмір сүрген дәуір мен олар жасаған әдебиет келбетіндегі бірдей және әр басқа құбылыстарды ашуға, тұтастай алғанда, әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық, әдеби сабақтастық мәселесіне терең бойлауға үлкен септігін тигізетініне көзіміз жетті. Осының өзінен зерттеу тақырыбының өзектілігі туындайды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Әдебиет тарихында әрбір жеке туынды әр қилы аспектіде қаралып, сан саралы зерттеу нысанына айналып барып, сынның сарабдалына тоқтайды. Біз қарастырып отырған туындылардың, жекелей алғанда, біршама зерттелу тарихы, бір салаға келіп тоғысып қойған жүйелі арнасы бар, көптеген ғалымдарымыздың назарына да іліккен.

«Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз», «Қазақ турасынан хикая» деп аталатын прозалық нұсқалардың газет бетінде жарық көргеніне бір ғасырдан артық уақыттың жүзі болса, олардың көпшілік қауымның назарына ұсынылғанына да біршама уақыт өтті. Алғашқы әңгімені ғалым Ү.Субханбердина төңкерістен бұрынғы мерзімді баспасөз бетінде жарияланған көркем шығармалар қатарында 1970 жылы «Әдеби мұра» жинағына енгізіп, ғылыми түсініктеме жазған [1]. Бұдан кейін де, әңгімелер мәтіні ғалымның басшылығымен жарық көріп, «Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар» атты жинақтарға енгізілді [2], [3].

Прозалық нұсқаның авторы, жанры туралы пікірталас ғылыми айналымға енгеніне де аз уақыт болған жоқ. Бұл тұрғыда Қ.Мұхамедханұлы, Р.Нұрғали, М.Мағауин, К.Әбдіқалық, Б.Ердембеков сияқты ғалымдар есімін атауға болады.

Мағауия нұсқасы жазыла салып қапасқа қамалғанмен, оның көзін аршып, дер кезінде қауымға қайтарған, поэма туралы ғылыми пікірдің негізін қалаған М.Әуезов болса [4], поэманың тақырыбы мен идеясына бойлап, образдар жүйесі мен көркемдік қасиеті жайлы маңызды зерттеу жасаған – Қ.Мұхамедханұлы [5].

Шәкәрім нұсқасы саясат салдарынан оқырмандарына кешігіп жеткенмен, оның «Еңлік-Кебегі» – ғылыми оралымға бірден еніп, зерттеушілер назарын бірден өзіне аударған шығарма. Поэма М.Базарбаев, Ә.Тәжібаев, Ш.Сәтбаева, Ә.Дербісалин, С.Қирабаев, Ш.Елеукенов, Қ.Мұхамедханұлы, М.Мағауин, Б.Әбдіғазизұлы, З.Жұмағалиев, У.Қалижанұлы, С.Ізтілеуова, А.Тілеуханова т.б. ғалымдардың зерттеулерінде сан қырынан қарастырылды.

М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегі» бүгінге дейін зерттеушілердің назарынан тыс қалмай келеді. Белгілі ғалымдар С.Ордалиев, З.Қабдолов, Қ.Мұхамеджанов, Р.Нұрғали, Т.Жұртбай т.б. пьесаның жанрлық-эстетикалық табиғаты, тақырыбы мен идеясы, тарихи негізі мен образдар жүйесі, тілі мен көркемдік қабаты туралы құнды-құнды зерттеулер жүргізді.

Барлық нұсқалар тұңғыш рет Р.Нұрғалидың «Трагедия табиғаты» деп аталатын монографиясында М.Әуезовтің классикалық шығармасының туу тарихы мен Еңлік-Кебектің нұсқалары, образдар галереясы мен талант табиғатына үнілу барысында салыстырыла қарастырылған еді [6]. Ғалым әр шығармаға жеке-жеке тоқталып, Еңлік-Кебек аңызының көп нұсқалы екендігіне алғаш рет көңіл аударған.

Ғалым Ш.Сәтбаева Еңлік-Кебек сюжетіне жазылған шығармалар туралы айта келіп: «Осы нұсқаларды бірнеше аспектіде салыстыра қарап, зерттеу әр ақын, әр жазушы тарихи фактілер мен халықтық аңыздарды өз творчествосына қалай пайдаланғаны, көркем қазынанан қалай байытқаны және т.б. мәселелерді айқындай түсер еді. Бұл ретте әдебиетші Р.Нұрғалиевтің «Еңлік-Кебектің» әр нұсқаларын өзара салыстыра зерттеуінің алғашқы қадамы жалғастырылуы қажет», -деп өз кезінде ескертіп кеткен еді [7, 30-б.].

Әдебиетші Қ.Мұхамедханұлының «Семей таңы» газетінде жарияланған «Еңлік-Кебек» солай туған» деп аталатын мақаласы бұл бағыттағы зерттеу тарихының жаңа бір беттерін ашты [8].

Ғалым Т.Жұртбайдың «Еңлік-Кебек» пьесасының тарихи негіздері» атты зерттеу мақаласында Еңлік-Кебек оқиғасының тарихи тамыры аршылып, нұсқалардағы өмірлік шындық пен көркемдік шешім мәселесі тыңғылықты сараланған [9].

Жоғарыда аты аталған ғалымдар пікірлері, олардың тақырып тұрғысындағы тұжырымды ойлары шығармаларды талдау барысында терең салыстырмалар жасауымызға ықпал етті.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – Еңлік-Кебек аңызына жазылған шығармаларды әдеби тұрғыда салыстыра-салғастыра талдау. Осы мақсатқа жету барысында төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

- туындылардағы тарихи фонды Еңлік пен Кебек оқиғасы болған дәуір мен ортаның шындығымен байланыста қарастыру;

- нұсқалардың жазылуына негіз болған шығармашылық ізденістерді айқындау;

- Еңлік-Кебек сюжетіне жазылған шығармаларды Абай дәстүрі, Абайдың әдеби ортасы аясында қарастыру;

- нұсқалардағы әдеби сабақтастық пен рухани тұтастық мәселесін саралау;

- Еңлік-Кебек сюжетін арқау еткен шығармаларды талдау барысында авторлардың суреткерлік бағыттағы ортақ қырларын аңарту;

- аңыз сюжетін әр қаламгер өзінің шығармашылығында қалай пайдаланып, қандай мақсатта қолданғанын, қалай байытқанын айқындау;

- өмірлік шындықты негізге ала отырып, барлық нұсқалардағы сюжет ерекшелігін ашу, тарихи шындық пен көркемдік сипаттың аражігін анықтау;

- нұсқаларда сомдалған образдарды ақиқат өмірдегі тұлғалық қырларымен қатар ала отырып, заман тынысы, дәуір келбеті, уақыт бедері және көркемдік шындық шеңберінде алып көрсету;

- әр нұсқаның жазылу ерекшелігін саралау арқылы туындыгер өмір сүрген әдеби, тарихи кезеңнің бейнесін ашу.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Еңлік-Кебек сюжеті негізінде жазылған шығармалар жеке диссертациялық еңбек деңгейінде тұңғыш рет салыстырыла зерттеліп отыр. Бес нұсқаны бір ғылыми еңбек аясында зерттеу шығармалардың соны қырларын танытуға жол ашады.

Жұмыста туынды авторларының көркемдік ізденістері мен әр нұсқаның жазылу тарихын зерделеу арқылы осы туындылардың барлығының түп негізі Абай мен оның ақындық айналасынан бастау алатыны айқындалады.

Барлық нұсқалардағы сюжетті қатар талдай отырып, олардағы тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасы сараланды. Салыстырмалы зерттеулер жасау барысында әрбір қаламгер аңыз оқиғасын өзінің шығармашылық бағдары, өзі өмір сүріп отырған заманның бағытына байланысты пайдаланып, қиял көкжиегінде өрбіткені анықталады.

Еңлік-Кебек туралы туындылар сюжеті тарихи дәуір шындығымен бірлікте талданып, әр нұсқаның жазылу шежіресі, оған түрткі болған оқиғалар сыры сараланды. Бес нұсқаның композициясы, тақырыбы мен идеясы, образдар жүйесі қатар алына отырып қарастырылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. Зерттеу нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар ұсынылады:

- Еңлік-Кебек трагедиясының түп негізі жоңғар шапқыншылығының көлеңкесі түскен қатал тарихи кезең, ру таласы, салт пен санасының әсері сияқты қоғамдық-әлеуметтік мәселелерде жатыр;

- нұсқалардың жазылуына түрткі болған әдеби орта – Абай мен оның ақындық айналасы;

- әр шығарманың жазылу тарихында өзара байланыс, дәстүр жалғастығы, рухани сабақтастық бар;

- авторлар сюжетті өз идеялары бойынша өргенмен, хикаяның түпкі оқиғасына қиянат жасамай, одан ауытқымауға тырысады, сол себепті сюжетте бірізділік сақталған;

- бір ғана сюжет әр қаламгердің шығармасында басқадай түр алып, жаңаша жазылып шыққан және оларда ақын немесе жазушының таным-түсінігі мен әдеби бағдары, азаматтық ұстанымы, олар өмір сүрген орта мен әдеби бағыттың қолтаңбасы жатыр;

- әр қаламгер аңыз оқиғасын баяндауда композициялық, тақырыптық, идеялық, образды сомдау тәсілдері тұрғысынан өзіндік жаңашылдығымен ерекшеленеді;

- Еңлік-Кебек аңызын негізге алған әр шығармада тарихи кейіпкерлер автордың шығармашылық қиялына байланысты әр басқа қырынан көрініп, олардың қатарына көркемдік ойдың жемісі болып табылатын жаңа қаһармандар да қосылған.

Зерттеу нысаны. Жұмыста негізгі нысанға «Дала уалаяты газетінде» «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» және «Қазақ турасынан хикая» деген атпен жарияланған екі әңгіме, Мағауия мен Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмалары және М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы алынды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі. Зерттеудің тұғырнамалық негізін зерттеу нысанына алынған туындылар туралы, жалпы аталған қаламгер шығармашылығы жайлы әр кезеңде жазылған теориялық еңбектер, монографиялар мен ғылыми мақалалар, диссертациялық еңбектерде айтылған тұжырымдар құрайды.

Жұмысты жазу барысында М.Базарбаев, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, С.Ордалиев, З.Қабдолов, Ш.Сәтбаева, Ә.Дербісалин, А.Нұрқатов, Ү.Субханбердина, С.Қирабаев, Ш.Елеукенов, Қ.Мұхамедханұлы, Р.Нұрғали, М.Мағауин, Е.Тұрсынов, З.Бисенғали, Б.Әбдіғазизұлы, С.Қорабай, Ө.Әбдіманұлы, З.Жұмағалиев, У.Қалижанұлы, Т.Жұртбай, А.Еспенбетов, С.Ізтілеуова, Б.Ердембеков, А.Картаева, С.Қожағұлов, К.Әбдіқалық, А.Тілеуханова сияқты ғалымдардың ғылыми пікірлері басшылыққа алынды.

Зерттеудің теориялық және практикалық мәні. Тарихи шындықтың әдеби шығармадағы алатын орны мен мәні, әдебиеттегі дәстүр жалғастығы және сабақтастық, өмірлік оқиғаның көркемдік әлеміндегі интерпретациясы сияқты мәселелерді талдаудан туған зерттеу жұмысының нәтижесі диссертацияның теориялық мәнін анықтайды. Жұмыстың практикалық маңызы – қазақ әдебиеті тарихы, Абайтану, Шәкәрімтану, Мұхтартануға байланысты оқылатын дәрістер мен арнаулы курстарға, бұл тақырып айналасындағы ғылыми ізденістерге көмекші құрал бола алады, жұмыстың нәтижелерін осы бағыттағы оқулықтар дайындау барысында пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы. Зерттеу тақырыбы бойынша жазылған мақалалар ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылымдар мен халықаралық, республикалық конференциялардың жинақтарында жарияланды. (Жалпы саны -13.)

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Жұмыстың құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен тұрады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кіріспеде жұмыстың жалпы сипаттамасы, тақырыптың өзектілігі, зерттелу деңгейі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар, зерттеу нысаны, зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі, теориялық және практикалық мәні мен жұмыстың құрылымы жөнінде мағлұматтар беріледі.

«Еңлік-Кебек» оқиғасының тарихи негізі және нұсқалардың жазылуындағы әдеби сабақтастық» деп аталатын бірінші бөлім екі тараудан тұрады. Бұл бөлімнің «Еңлік-Кебек» сюжеті және тарихи кезең шындығы» деп аталатын бірінші тарауында Еңлік-Кебек оқиғасы болған дәуірдегі қазақ халқының тағдыры, қоғамдық-әлеуметтік құрылымы мен оқиғаның өмірлік негізі сараланды.

Диссертацияда қазақ-жоңғар қатынастарының тарихы, соның салдарынан аласапыран күн кешкен қазақ рулары арасындағы жер үшін ішкі қақтығыстар өршіп тұрған кезеңнің келбеті және оқиға болған орта – тобықтылардың Шыңғыстау жеріне келу шежіресіне шолу жасалған.

XVIII ғасырдың соңын ала күнкөрістің жалғыз көзі малына кең өріс іздеген қазақ руларының арасында жер мәселесі өрши түседі. Бұған себеп – тағы да жоңғар шапқыншылығының салдары және Ресейдің отарлау саясатының белсенділігі. Ғасырлар бойы бас сауғалай, көшіп-қонып жүрген ел сыртқы жаумен күресте бір титықтаса, іштен шыққан іріткі екінші мәрте соққы болып тиеді. Жер дауы үшін бір-бірінің жағасына қол салған екі ру – матай мен тобықтыдан шыққан қыз бен жігіттің ғашықтық оқиғасы дәл осындай бір кесапатты кезеңнің тұсында өрбіген еді.

Қазақ үш жүз, қырық тарам руға бөлінсе де, ру-ру болып шекісіп, кекті қақтығыс пен шайқас соғысқа бармаған халық. Ары кетсе барымта жасалады, бас жарылады. Жер дауы, жесір дауы болып жатады. Оны да би мен би беттесіп, ақсақал мен ақсақал ақылдасып, өзара ортақ шешімін тапқан. Бірақ Еңлік-Кебек оқиғасы халық тарихының жоңғармен соғыстан есеңгіреп, ес жия алмай жатқан қатал тұстарына сәйкес келді.

Диссертацияда Еңлік-Кебек оқиғасының қысқаша баяны берілген.

Кебек пен Еңліктің өлімге кесілуінің бір тақсіретін тарихи оқиғалар ізінен көрдік, ал енді бір ұшы сол тарихи кезең белесіндегі салт пен санаға байланып жатыр. Қазақтың қағазға түспесе де, халық жадында сайрап жатқан тапжылмас заңға бергісіз сан ғасырлық салты мен дәстүрі, даланың қатаң табиғатындай қатал заңдары болған. Ел арасын ірітпей, бүтіндікті бүлдірмей сақтап келген де сол салт. Үлкенді сыйлатып, кішіге иба көрсете отырып, тәрбие көзі болған да сол салт. Және ол салт исі қазаққа ортақ.

Көшпенділердің канондары бойынша, Еңлік пен Кебек ата заңын аяққа таптаған кінәлі бейбақтар. Еңліктің құдандасып қойған жұрты бар. Кебек болса, біреудің жесірін алып қашып, намысын аяққа таптады.

Оқиға XVIII ғасыр кеңістігінде өткен. Яғни, ескілік заңдары әлі күшті. Тіпті, «Жеті жарғы» шығып қойған кез. Бұл ереже бойынша, «айттырып қойған қыз, өз сүйгенімен қашып кетсе, бұрынғы айттырған күйеуіне қыздың

туыстары қалыңмалын қайтарумен бірге, бір қызды айып ретінде береді немесе қыз орнына қалың мөлшерін төлейді» [10, 85-б.]. Ендеше, Еңлік пен Кебек дауын күн төлеп, мал беріп бітіруге де болар еді. Бірақ осы жерде ортаға екі ел арасындағы жаулық килігеді.

Қазақтардың арасында мұндай мықты заң-жоралар барын және оның бертінге дейін үстемдік етіп тұрғанын орыс тілді жазбалардан да кездестіреміз. Мысалы, генерал-майор Броневскийдің 1831 жылы «Отчественные записки» басылымында жариялаған мәліметінде сол заңдардың бір тармағын былай деп келтіреді: «Если же сын или дочь, быв уже помолвлены, вступят в супружество с другими без ведома родителей своих, таковых предают смерти» [11, 419-б.].

Осы құқықтың сақталуын көзінің қарашығындай қорғау – Кеңгірбай сияқты билердің міндеті болған.

Тоз-тозы шыға «ақтабан» болып шұбырып, көз алдына көрінген жерге келіп «сұлаған» ел-жұрттың тыныштығы, қара қауымның бүтіндігі, салттың салмағын сақтау үшін екі адамды құрбан етіп жіберу керек те болған шығар. Бірақ, жаратушының адамға берген жарық дүниесін адамның өз қолымен тартып алуы – өлімге кесуді қай заман, қандай әдебиет болсын ақтай алмайтыны ақиқат.

Осылайша, тарих тепкісі мен салттың сілікпесіне төтеп тұра алмаған қос ғашық ел арасындағы өшпенділік түтініне су сеуіп, бейбіт өмірдің құрбаны болып көз жұмды. Бірақ екеуінің махаббатының белгісі ретінде қалған нәресте бар еді ғой. Деректерге сүйенсек, баланы нағашылары бауырына басқан және одан тараған ұрпақтар бар дегенге саяды [12], [13], [14]. Халық қиялы сол нәрестені өсіріп, «Ермек батыр» етіп шығарғанмен, дәл сол заманда ол балаға өмір, сол қоғамда орын жоқ еді.

«Абай көзін ашқан бастау немесе нұсқалардың жазылу тарихы» деген екінші тарауда әр нұсқаның жазылу шежіресі мен қай шығарманың болмасын қайнар көзінде Абай мен оның ақындық ортасының нәрлі бастауы жатқандығы айқындалады.

Еңлік пен Кебек оқиғасы ұрпақтар жүрегінде аңыз болып сақталып қана қойған жоқ, екі ғасыр бойы қазақ әдебиетінің қарымды қайраткерлері қалам тартқан шығармалар легін тудырды. Әдебиетімізде мәңгілік махаббаттың нышаны болған Еңлік пен Кебектің сүйіспеншілігі туралы әр түрлі жанрдағы бес бірдей туынды бар екенін айттық. Мұның өзі оқиғаның ел арасына кең тарап, тарихтан салмақты орын алғанын байқатады.

Алғашқы нұсқа 1892 жылы «Дала уалаяты газетінің» 29, 31, 32, 34-40-сандарында екі тілде – «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» және «Незабытое прошлое и настоящее киргизов» деген атпен шықты. Соңынан «Ұмытылған» деп қол қойылыпты. Орыс тіліндегі нұсқаның тақырып соңында «Сибирский вестник» газетінің 60-санынан алынып басылғаны туралы мәлімет берілген [2, 640-б.]. Ғалым Қ.Мұхамедханұлының пікірінше, Абайдың ақын шәкірттері жазатын Еңлік пен Кебек туралы оқиғаның тарихи түп негізі осы прозалық нұсқада жатыр [8, 3-б.].

1900 жылы тағы да сол «Дала уалаяты газетінің» 46-50 сандарында «Еңлік-Кебек» сюжеті жаңғырады. Мұнда «Қазақ турасынан хикая» деп аталатын әңгіменің «Природы и люди» журналынан алынғаны айтылған [3, 569-б.].

Ғалым Р.Нұрғали 1900 жылғы нұсқа 1892 жылғы әңгіменің көшірмесі деп тұжырым жасап, оның себебін жыл соңында газет оқырмандарының назарын аудару үшін жарияланған деп түсіндіреді [6, 19-б.]. Сегіз жыл бұрын жарық көрген әңгімеге аздаған өзгерістер енгізіп, кейіпкерлер атын өзгерткенмен, бастапқы сарын сақталған.

Прозалық нұсқалардың авторы бүгінгі күнге күңгірт болып қала беріп отыр. Бір пікір Шәкәрімге әкелсе, екінші бір пікір Абайға жетелейді. Енді бір пікір авторлықты Абайға да, Шәкәрімге де емес, олардан өзге «Шыңғыстаудың қазағы», Абайдың орысша оқыған інісі Халиолла Өскенбайұлына еншілетеді [15, 144-б.].

Диссертацияда прозалық нұсқалардың авторлары жайлы ғылыми оралымға енген пікірлер келтірілген.

Еңлік пен Кебек турасындағы аңызға негізделіп жазылған шығармалар Абай және оның ақындық ортасында туғандығы ақиқат. Бұл заңды да. Оқиға Абай елінде, тобықты жерінде өтті.

Абай ақын өз замандастары ғана емес, соңынан ерген талай-талай таланттың көзін аршыған бастау бола білгені тағы бар. Өрелі ой-пікірі өз заманынан оқ бойы озық тұрған Абай айналасының, ал оның елі, өз кезінде, бүкіл қазақтың рухани өмірін нәрлендіретін уызы бола білгені де рас.

Ғалым С.Қасқабасов Абай ой-пікірлерінің ренессанстық сипатта екенін айта келіп: «...ол Адамды, оның рухани азаттығын, білімділігін барлық мәселеден биік қойды, қоғамдағы адам рөліне айрықша мән берді», - дейді [16, 545-б.]. Сол ізбен шәкірттер жүрегіне Абай сепкен гуманизм нәрі олардың шығармаларында адамның жеке бас еркіндігіне, ынтық жүректің ырқына көніп сүюге, қатал қоғамның шынжырын бұзып, өзі қалағандай өмір сүруге қарману болып бұр жарды. Мұның бір көрінісі – қос шәкірт Шәкәрім мен Мағауия жырлаған «Еңлік-Кебек».

Қазақ әдебиетінде өмірлік оқиға, ақиқаттық астары бар аңыз бойынша жазылған шығармалар Абай дәстүрімен астасып жатыр. Аға ақын өзінің төл поэмаларында бұрыннан бар сюжеттерді, танымал аңыздық оқиғаларды жаңғыртқан. Бұл қазақ әдебиетінде ежелден келе жатқан нәзирашылдық үрдісінің жалғастығын көрсетеді. Еңлік пен Кебек сюжеті де Абай мен М.Әуезов, Шәкәрім мен Мағауия сияқты ірі тұлғаларды әдеби сабақтастыққа жетеледі. Абайдан бастау алып, оның әдеби ортасында бірде әңгіме, енді бірде поэма, тағы бірі драмалық туынды болып жарық көрген Еңлік-Кебектің нұсқаларын Абайдың ақындық дәстүрі шеңберінде қарастыра отырып, осы бір әдеби ортадағы үндестік пен қаламгерлер арасындағы рухани байланыс мәселесінің байыбына бара аламыз.

Абай Еңлік-Кебек сюжетін ұлы Мағауия мен інісі Шәкәрімге аманаттап, олар ақынның көзі тірісінде поэма етіп жазып шықты. Екі ақынның өз шығармаларына бірдей оқиғаны арқау ету себебін ғалым Б.Әбдіғазизұлы: «Абай

өзінің шәкірттерінің шығармашылық қарымын, ақындық өресін осылайша сарапқа салған болу керек», - деп түсіндіреді [17, 253-б.].

Қ.Мұхамедханұлының көрсетуінше, Мағауияның «Еңлік-Кебегі» 1890 жылы жазылған [5, 128-б.]. «Еңлік-Кебектің» Мағауияның өз қолымен жазған түпнұсқасы сақталмаған. Бір ғана көшірме нұсқасы 1940 жылы М.Әуезовтің жеке мұрағатынан табылады. Оны көшіруші – Абай шығармаларын жазып алып, елге таратушы Дайырбай Қожанұлы. Бұл көшірменің қай жылы, қайдан көшіріп жазылғаны әлі анықталған жоқ [5, 121-б.].

Аруағына әулиедей сыйынған бабаларын қаралап, екі жастың құныкері етіп көрсеткен Мағауия поэмасы өз кезінде кең тарап, баспа бетін көре алмады. Мұның себебі поэмадағы көркемдік шындықтың сол уақыттағы қоғам санасына жат көрініп, ата-баба аруағының беделі түспей тұрған шақтағы олардың датталуына жол берілмеуінен де болар. Кезінде «басқа шауып, төске өрлесе де, ақырында тыныш жүргенді теріс көрмеген» Абайдың өзі Мағауия «Еңлік-Кебегінің» халыққа таралуына тұсау салды. Мағауия тұрмақ, оның әкесіне жұдырық жұмсаған ел, Мағауияның қоғамы, Мағауия өмір сүрген әлеумет мұндай ащы сынды қабылдауға әлі дайын емес еді. Аты енді шығып келе жатқан жас ақынның аруақты Кеңгірбай бейнесін мұншама қорлағанын ел кешіре алмас та еді. Аға ақын осылайша бала ақынды ел-жұртының талапайынан қорғап қалғысы келген-ді.

М.Әуезов «Медғат-Қасымның» Мағауияның ең соңғы поэмасы екенін айта отырып, ақынның бұдан бұрын да Абай берген тақырып бойынша қазақ өмірінен алып жазылған бір поэмасы «Еңлік-Кебекті» атайды. Ғалымның пікірінше, бұл – «қазақ тарихындағы салттық болмыстан туған... қоспа поэма» [4, 235-б.]. Мұндағы «қоспа» деген сөзді өмірлік оқиғаларға өз жанынан ой қосқан, аңыз сюжетін әрлеген, тарихи шындықты көркемдікпен көмкерген деп түсінеміз.

Мағауияның басқа шығармаларымен қатар, «Еңлік-Кебек» поэмасына ғылыми түсінік беріп, мәтінін «Абайдың ақын шәкірттері» деген еңбегіне енгізген Қ.Мұхамедханұлы «Абай айтып берген ақиқат негізінде жазылған» аталмыш туындыны Абайдың жолын қуған жас ақынның «тарихи тақырыпқа арналған релистік шығармасы» деп қорытқан [5, 127-128-б.б.].

Ғалым Р.Нұрғали Абайдың ақын өренінің аталмыш туындысына сыншылдық рухтағы поэма деп баға берді [6, 21-б.]. Әдебиетші ғалым С.Қорабайдың пікірінше, Мағауияның «Еңлік-Кебегі» – екі ғашықтың тағдыры арқылы бүкіл қазақ қоғамының шындығын ашып көрсетіп, халқымыздың тұрмыс-тіршілігін дәл сипаттаған шығарма [18, 83-б.].

«Еңлік-Кебек» өткенге өктем сөйлеген Мағауия поэмасынан кейін Шәкәрім қаламында жалғасты. Ғасырлар бір-біріне мұраға қалдырып, сан ұрпақ көкейінде әлпештеп жеткізген халық қазынасы, әдемі аңыз Шәкәрімнің қаламына қонып, қиял қанатын тербейді.

Шәкәрім «Еңлік-Кебегінің» де дәл қашан жазылғаны белгісіз. Ақынның өз қолымен жазылған нұсқасы сақталмаған. А.Шәкәрімұлы поэманың жазылу уақытын 1891 жыл деп көрсетеді [19, 220-б.]. Бізге ақынның көзі тірісінде, 1912

жылы Семейдің «Жәрдем» баспасында «Жолсыз жаза яки кез болған іс» деген атпен жеке кітап болып шыққан нұсқасы жетті.

Абайдың өзінен тәрбие алып, Абай кеңесімен шығыс пен батыс білімін терген Шәкәрімнің Еңлік пен Кебек оқиғасына қалам тартуының басында тағы да Абай тұрды. Абай мен Шәкәрім шығармашылығындағы тұтастық – ар сезімі мен ақиқат ілімі, ізгілік пен адамзаттық құндылықтар жүйесіндегі дүниетаным үйлесімінен келіп туындайды.

Қайнар бастауын Абайдан алатын Шәкәрім нұсқасы аға ақынның көзі тірісінде, Абайдың өнегесімен жазылды. Шәкәрімнің ұлы Ахат өзінің естелігінде ақынның мына сөздерін келтіреді: «Абай менің бетімді түзеп, адам болып шығуыма өтелмес еңбек сіңірді... Батыс-шығыстың ескі замандағы ойшылдары, жазушы-ақындарымен танысып, оқуыма да Абай себеп болды. Ғылым іздеп, қалаларды аралауыма Абай себеп болды. «Мұсылмандық», «Түрік-қырғыз» шежіресін «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебекті» жазуыма көп көмек берді» [19, 169-170-б.б.].

Шәкәрім Абай ықпалымен игі дәстүрді сабақтастықта жалғастырып қана қойған жоқ, аға ақынның адамгершілік идеяларын жаңа сапа биігіне көтере алды. Бұған оның әр жанрдағы, сан салалы тақырыптағы энциклопедиялық мол мұрасы дәлел. Соның бірі – «Еңлік-Кебек».

Шәкәрім шығармасы жайлы диссертацияда келтірілген ғалымдар пікірлері «Еңлік-Кебек» поэмасының қазақ әдебиетінде әділ бағасын алғанын көрсетеді.

Ендігі мезетте мәңгілік аңыз оқиғасын жырлау кезегі ғұлама Абайдың сырласар досы Әуез қарттың немересі, Абай екен дәннен қуат алған Мұхтар Әуезовке келді. Абай мен М.Әуезов шығармашылығындағы тұтастық мәселесін зерттеген ғалым А.Картаеваның пікірінше, олардың рухани сабақтастығы екі алыптың адамгершілік мұраттарының тұтастығында жатыр [20, 362-б.].

Еңлік пен Кебектің басынан кешкен жайт туралы оқиғаның жаңғырығын бала Мұхтар жас кезінен құлағына сіңіріп өскені даусыз. Жазушы – «Абайдың ең сүйікті баласының бірі және ұлы ұстаз ақынның әдебиеттегі дәстүрін берік ұстаған саналы, мәдениетті шәкірті», «ең соңғы мұрагері» [5, 5-б.] Тұрағұлмен аралас-құралас болған. Тұрағұл – Абай өлгеннен соңғы сол елдің арқа тұтар азаматы, танымал шешені, халықтың тарихы мен салт-жоралғысын жақсы білетін жан. Ғалым Т.Жұртбай «Еңлік-Кебек» пьесасының жазылуына Тұрағұлдың үлкен әсері болғанын жазады [21, 81-б.].

Жас Әуезов «Еңлік-Кебекті» жазарда Шәкәрім поэмасына, оның ақыл-кеңестеріне де арқа сүйеген. Ол Шәкәрімнің көзін көріп, кеңестерін тыңдаған. Шәкәрім өнердегі өзіндік бағытын табуына, өмірді тануына ықпалын тигізді. Екі алыптың арасындағы шығармашылық байланысқа А.Шәкәрімұлының естелігін оқу барысында да көз жеткіземіз [19, 177-178-б.б.].

Әдебиетші ғалым А.Еспенбетовтің пікірінше, Шәкәрім мен М.Әуезов рухани жағынан аға-іні болып қана қоймай, бір «Еңлік-Кебек» оқиғасының желісімен шығарма жазу арқылы творчестволық сайысқа түсіп, ой жарыстырған [22, 11-б.].

Алғашқы нұсқасы 1917 жылы қағаз бетіне түскен пьеса тұңғыш рет сол жылы Абайдың немересі Ақылияның ұзатылу рәсімінде көрерменіне

ұсынылып, Ералы жазығындағы Ойқұдық жайлауында Абайдың аяулы жары Әйгерімнің отауында қойылды.

Осылайша, оқиға өткен Семей өңірінде, қазақтың ұлы ақыны Абайдың ақындық айналасында өрбіген сюжет бүкіл қазақ оқырманы білетін, қазақ әдебиетінің классикалық шығармалары қатарына жататын туындылардың жазылуына мұрындық болады.

«Авторлық және көркемдік ізденістер» деген екінші бөлім іштей үш тарауға бөлінеді. Бұл бөлімнің «Еңлік-Кебек» оқиғасына жазылған шығармалардағы сюжет пен композиция тұтастығы» деп аталатын бірінші тарауында зерттеу нысанына алынып отырған шығармалардың сюжеті мен композициялық ерекшелігі талданған.

Газеттік нұсқада Еңлік пен Кебек жайы бірден әңгімеленбейді. Автордың кіріспесі баяғыны аңсау сарынымен басталған. Мұндай кіріспе сөз Шәкәрімде де бар. Прозалық нұсқада, көмескі болса да, қазақ-қалмақ қатынастарына тоқталған. Ал тарихшы Шәкәрім қазақ-қалмақ қатынастары, XVIII ғасырдағы тарихи ахуал, тобықтылардың Шыңғыстауға келу сапарынан мол ақпар беріп, кең көлемді панорама жасайды. М.Әуезов пьесасында бұл кіріспе абыздың аузымен образды түрде үндестік тапқандай. Мағауия поэмасында ұзақ сонар кіріспе жоқ. Автор оқиға сюжетін бірден бастап кетеді.

Кебектің Нысанға келіп келешегін болжатуы, абыздың батырдың алдағы күндерін көріпкелдікпен көруі – барлық нұсқаларға ортақ мотив.

Қай нұсқаны алсақ та, оқиғаның байланысы – Кебектің аңшылық сапарға шыққан тұстағы Еңлікпен кездесіп, екі жастың сүйіспеншілік сырын ұғысуы. Мағауия мен Шәкәрімдегі аңшылық суреті – шабыт шарпуынан туған дүние және поэмалардың осы тұсынан Абай қаламының әсері молынан табылған.

Пьеса мен Шәкәрім поэмасында сюжеттің ары қарай өрбуін Еңлік өз қолына алып, батырды «қадірмен қонағым бол» деп үйіне шақырады. Әңгімеде кімнің бірінші болып көңіл білдіргені белгісіз, әйтеуір, «айтып айтпай немене, әлгі екі жас бір-біріне мейлінше ғашық болды дейді» [2, 399-б.]. Мағауия нұсқасында Кебектің қызға бірден көңілі ауып, бірінші болып сөз салады.

Барлық нұсқада да оқиғаның шиеленісетін жері – Кебектің қызды алып қашуы.

М.Әуезовтің «Еңлік-Кебекінде» сюжетке араласып отыратын Есен желісі конфликтіні қоюландырып жіберген. Драматург оқиғаға Еңлік пен Кебектің тілекшісі Жапалды да қосады. Әңгімеде Кебек «қыздың ағасымен тамыр болыпты». Шәкәрімде ол – қойшы бала.

Газеттік нұсқада Еңлік пен Кебектің дауы ел арасында дүрбелең туғызып, «бұлар үшін барымталасып көп ағайын-туғандары өледі» [2, 400-б.]. Мағауияда бар кілтипан Кеңгірбайда тұр. Ол жеке басының араздығы үшін кек алмақшы. Оның үстіне қыздың қайын жұрты жағынан пара алып қойған. Шәкәрімде, керісінше, Кеңгірбай билік айту үшін Тоқтамысты тосып, уақыт созып алады да, соның кесірінен дау ушығып кетеді.

М.Әуезов пьесасында шиеленістің бәрі билер сахнасында шешілген.

Барлық нұсқалардағы тағы бір ортақ мотив – Еңліктің өлім алдында айтқан ақтық сөзі. Мағауия нұсқасында Еңлік ана алдымен тобықтылар мен

Кенгірбайдың атына ауыр-ауыр сөздер айтып, еш күнәсіз пәк сәбиін Кебек ердің тұқымы деп тобықтыларға аманаттайды. Шәкәрімдегі Еңлік баланы Кенгірбай бастаған тобықтыларға тапсырды. Пьесадағы Еңлік болса, «ата-анамда ұрпақ жоқ, зарлап өтіп еді, енді мен екеш мен де жоқпын, соларға табыс етіндер»[23, 47-б.] деп өз жұртына беруді өтінеді.

Әңгімеде Еңлік анталап тұрған көп жеңдетке қарап баланы аман асырауларын ғана өтініш еткен еді. Бірақ бұл тілегі орындалмай қалды. Шәкәрім мен Мағауияда Шеткі Ақшоқының басында күні бойы жылап жатқан нәрестені ғана көреміз. Тек Шәкәрім сюжетті ары қарай өрбітіп:

Жуантаяқ баланы түнде білді,
Түн ішінде жиылып атқа мінді.
Таң ата келіп іздеп таба алмады,
Қисыны біреу ұрлап кеткен сынды [24, 209-б.],-дейді.

М.Әуезов трактовокасы басқадай. Құндақтаулы балаға ешкім қарамай, өз жөндерімен кете барғанмен, оны Абыз бен Жапал аялы алақандарына салады.

Нұсқаларды салыстыра келе, түйгеніміз – барлығының фабуласы ортақ: Тобықты жігіті Кебек абызға барып, келешегін көріпкелдікпен біледі. Бірақ абыздың ажалды болжамына көңіл бөлмейді. Көп кешікпей, аң аулап жүргенде Еңлікке жолығып, көңіл қосады. Еңліктің айттырыш қойған жері бар. Оның үстіне тобықтылар мен Еңліктің елі матайлар – бір-бірімен жауласқан рулар. Жүректері табысқан екі жас еш кедергіге қарамай, қашып кетеді. Олардың ендігі тағдырын елдің тұтқалары шешіп, өлімнен басқа жазаны лайық көрмеді. Бұл шешім орындалады да. Екі жастың артынан сәби қалады.

Нысан абыздың болжамы, абыз аузымен айтылған Еңліктің келбеті, аңшылық суреттері мен кейіпкерлердің кейбір сөздері дәлме-дәл қайталанған. Бұл, бір жағынан, авторлар арасындағы әдеби байланыс пен дәстүрлік сабақтастықты көрсетсе, екінші жағынан, туындыгерлердің аңыз астарындағы ақиқатқа айтарлықтай қиянат жасамағанын байқатады.

Барлығында бір ғана фон – «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі ел-жұрт. Қай нұсқада болмасын, оқиғаның орны мен тарихи кеңістік аренаһы айқын. Бірақ, оның деңгейі әр шығармада әр түрлі. Айталық, «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөзде» тарихи негіз көмескіленіп берілгенмен, оқиғамыздың бас кейіпкері Кебектің «бұдан 150 жыл бұрын» өмір сүргені анық.

Шәкәрімде оқиға орны нақты, әрі тарихи шындыққа жанасымды. Ақын шығарманың өмірлік салмағын ауырлатып, жер-су аттарын қоса отырып, сюжеттің әр эпизодында нақтылы мекен атауын береді. Шәкәрім поэмасымен салыстырғанда, Мағауиянікін тарихи негізі нақты туынды дей алмаймыз. Автор мұнда ешқандай тарихи ақпар бермейді. Ақын оқиғасының орны белгілі, тарихи адамдар аты айқын болғанмен, оның уақыты «баяғыда» деумен шектеледі. Ал М.Әуезов пьесасын Шәкәрім сияқты тарихиландырып жібермесе де, оқиғаның «ақтабан шұбырындыдан» кейінгі кездерде болып жатқанын аңғартады.

Сюжет бір желіде тартылғанмен, авторлар әр басқа қисында қиюластырып, алуан түрлі тәсілмен байланысқа түсірген.

Еңлік-Кебектің газеттік нұсқасының құрылымы күрделі. Аукымды кіріспеден кейін баяндалатын сюжет жалқы емес. Орталық оқиғадан оқшау Қалқаман мен Мамырдың жайы тағы айтылады. Әңгімеде басқа нұсқаларда кездеспейтін көп мәселелер қозғалған: Кебектің Еңлікке дейін алған әйелі және одан қалған ұрпағы бар; Еңліктің айттырып қойған жері басқа шығармалардағыдай сыбандар емес, керей елі; Кебек қыздың ағасымен «тамыр болады»; Тоқтамыс Кебекті рулар арасындағы екі жылға созылған тайталастың өртіне шалдырмай қорғаптайды. Басқа нұсқалардағыдай, Кебек қызды айдалаға алып қашып кетпей, өз еліне әкеліп түсірген. Еңлік пен Кебектің жолыққан жері де жай «жартас» қана емес, тұтас бір пейзаждық сурет ретінде беріледі: «биік жартас, қалың орман ағаш һәм сарқырап ағып жатқан бұлақ» [2, 397-б.].

Жалпы, әңгімеде сюжетпен қатар өріліп отыратын табиғат келбеті де жоқ емес. Мысалы, Еңлік пен Кебекті жазаға тартар қарсанда еш нәрседен алаңсыз табиғат тамсанып тұр: «Ағаш, ормандар, жерлер гүлдеп, бәйшешек атып, дүние адам қарағандай тамылжып, көңілді рахаттанып тұрды, дейді» [2, 400-б.].

Соңында «автордың өз заманына көзқарасынан елес беретін және болашақта жазбақ, осыған жалғас еңбегінің мазмұнына нұсқаған» [25, 13-б.] қорытынды сөз де бар.

Ал «Қазақ турасынан хикаяда» мұндай қосалқы компоненттер көрмейміз, композиция қарапайым. Өзі туралы шамалы ақпар берген авторымыз бірден негізгі оқиғаға көшіп, сол баянмен шектелгенді жөн көреді.

Мағауияның «Еңлік-Кебек» поэмасында композиция тұтас, бір деммен оқылады. Оқиғалар ширақ, сюжет те үнемі динамикалық қозғалыста баяндалған.

Шәкәрім поэмасының құрылымы күрделі. Кіріспе іспеттес «Әңгіме алдындағы аз сөзде» тарихқа барлау жасайды. Одан кейін Еңлік-Кебек әңгімесі бар. Соңында төрт шумақ түсінік сөз береді. Бірақ осының бәрі логикалық жалғастықта баяндалған. Авторлық ілкі сөз негізгі сюжетке қызмет етіп тұр. Яғни, бір қарағанда сюжетке қатысы жоқ ақпардан оқиға болған орын, оның тарихы, ел салты, тіпті сол ел салтынан аса алмаған ғашықтардың жазаға ұшырайтыны да көрініс тапқан.

М.Әуезовте шындық арқауында шиеленісе шиыршық атқан табиғи тартыс драмалық шығарманың талабына сай шым-шытырық шырғауға түседі. Ол тартыс Кебек пен өзі сенген елі – тобықты билеушілері, Кебек пен Есен, Еспембет бастаған қанішерлер мен Еңлік-Кебек махаббаты, дала тағылары мен Абыз, Жапалдар арасында ұштасып, сюжеттің бөліктерін шырмап тұр. Драматург бар оқиғаның кілтін билер сахнасына әкеліп тірейді. Пьесада жаңадан қосылған соны кейіпкерлер бар. Бұл – автордың аңыз оқиғасының көркемдік-эстетикалық қабатын жаңғыртуына қызмет етіп тұр.

Сонымен, нұсқалардың барлығында сюжеттік желі бір арнадан өрбіп отырғанын және оны әр автор өзінің көркемдік талабына сай қиыстырғанын көреміз. Ал бұл болса, рухани тұтастық пен әдеби сабақтастыққа жетелейді.

«Тақырып пен идеялық бағыттағы көркемдік ізденістер» деп аталатын екінші тарауда нұсқалардағы тақырыптық, идеялық бағыттағы сабақтастық және өзіндік ерекшеліктер зерттеу нысанына айналған.

Хикаяның қайта өңделіп қағазға түсуінде сол аңызды жаңа заман, өз дәуірі талабына лайық суреттеуді көздеген қаламгерлер мақсаты көрініп тұр және ол мақсат өз межесіне көркемдік әлеміне қанат бітіре отырып жетеді.

Аталған шығармалардың барлығында да ел бірлігі, салт пен сананың тайталасы, жауыздық пен ізгілік сияқты мәселелер махаббат сүзгісі арқылы жеткізіледі. Дегенмен, мәселенің бәрін бір махаббатқа тіреп қойсақ, қателескендік болар. Әр шығармада әрбір автордың дүниетанымы мен түсінік-түйсігі, ол өмір сүрген орта мен заман, қаламгердің азаматтық тұлғасы мен шығармашылық жолдағы ұстанымының іздері бар. Әр автордың өзіндік ізденісі мен шешімін, идеялық-эстетикалық табысын байқаймыз.

Әңгіме авторының «қыр халықтарында» ғашық болудың қиын екенін, әйел мен еркектің теңдігі жоқтығын, әдет-салттың қаталдығын айтып, қынжылғанын байқаймыз: «Сол себептен қиыншылық болады, бір кісі бүтін халықпенен ұстасады, халықтың «Жаман іс, жарамайды мұнысы» деген нәрсеге көнбей» [2, 395-396-б.б.]. Яғни, қыз бен жігіт өліміне себепкер болған басты гәп – ескі әдет-ғұрыпта.

Прозалық нұсқада Еңлік – сұлу, Кебек – батыр. Оларға сюжеттің әр жерінде автордың «бейшаралар» деп бүйрегі бұрыш тұрғанын байқаймыз. Әңгімеде Кебектің Еңлікке дейін алған әйелі бар дедік. Ендеше, Кебектің өз некелісіне қарамай, біреудің некелісін алып қашқаны қалай? Автор бұған да қарсы уәж табады – ол әйелін жас күнінде айттырып, 18 жасқа келгенше көре де алмады. Яғни, өз еркімен сүйіп, көңілі қош көріп қосылмаған. Оған да кінәлі әдет-салт деген емеурін бар. Оның үстіне, қызды алып қашқан соң, шарифаттың жолымен молдаға барып, батасын алады да.

Бір қарағанда, әңгімеде мұратымызға жеттік қой деп қызықты дәурен көруге ынтыққан Еңлік пен Кебектің өліміне кінәлі жалғыз Кеңгірбай би сияқты. Айыптыларды матай жаққа беруді қалаған да, Тоқтамыстың елде жоғын пайдаланып «қылықты қылған» да, өз қолымен өлтірмесе де, «жазықтыларды» ұстап, матап берген де осы Кеңгірбай. Бірақ мұның астарында сол заманның ауыр демі жатқан жоқ па?

Осы жерде, ел билеушілері арасындағы мансапқорлық, өзара бақталастық сызы байқалады. Кеңгірбай Кебектің ел арасында көтеріліп келе жатқан беделінен сескенеді. Екіншіден, би қыз бен жігітті бас жоқ, көз жоқ өлімге қия салған жоқ. Жүз тобықты мен жүз матайдың талқысына салды.

Әңгімедегі Еңлік пен Кебектің дауы екі адамның арасындағы анау-мынау тартыс емес, үш рулы елдің ортасына түскен от, бас жарылып, кісі өлген қанды оқиға. Автордың хикаяның басында қазақтың ерлі-зайыптыларға байланысты хатқа түспеген қатал салт-жораларын айтып өтуінде де үлкен мән бар. Еңлік пен Кебек дәл осы салтқа бағынбай отыр. Ендеше, «бағзы әдет-рәсімдерге» қарсы Кеңгірбай не істей алсын?

Әңгімеде ру мен ру арасындағы кикілжің Еңлік-Кебек оқиғасынан кейін ғана өрбиді. Яғни, сол ел ішіндегі кекті жаугершілікке ұласқан алауыздықты

тудырып отырған және үш адамның қанының төгілуіне әкелген себеп – ынтық көңілдерін қапаста ұстай алмаған екі жастың ескі салтқа бағынғылары келмеген өжет қылықтары екенін айтып, идеялық қазықты оқиғаның өн бойына өреді.

Мағауия мен Шәкәрім поэмасында да, драмалық нұсқада да Еңлік-Кебек оқиғасы рулар арасындағы өшпенділікті тудырған әлек емес, бұрыннан бар кекшілдік өртіне ары қарай дем берген ілік қана. Автор салт сақшылары болып отырған билердің де қанды ісін ақтамайды: «Осындай үш кісіні бір жерде өлтірсе де, билер түзеле қоймапты. Бірақ өздерін халық сүймейтін болыпты. Оларды неғып сүйсін? Адамға еркіменен ешнәрсе істетпеген соң, аяғын олай-бұлай бастырмаған соң» [2, 400-б.]. Соңғы жолдардан жеке бастың еркіндігі, адамның ерік бостандығын жақтаған гуманистік идеяны көреміз. Туындыгердің пікірінше, еркіндік құқығын байлап-матап отырғандар – бұрынғының билері.

Мағауияның авторлық позициясы әу бастан-ақ айқын:

Заманның ғаділетсіз надандығын,

Қозғадың жүрек, тілім, сөйле мығым.

Баяғыны көксейді білімсіздер,

Мінеки, көрсетейін жамандығын [5, 167-б.].

Осылайша, жас ақын оқиғаға датты көзбен қарайды. Мағауия өткеннің өксікті жақтарын өзі өмір сүріп отырған уақыттағы рубасы, атқамінерлердің қылықтарымен байланыстыра сынамақ мақсатта.

Мағауия нұсқасында екі жастың басты құныкері – Кеңгірбай. Дегенмен бар кінәні жалғыз Кеңгірбайға арта салды деу артық болар. Кеңгірбайдың арқа сүйері бар ғой. Ол – «оқол осы деп» екі жасты өлтіруден тайынбаған «надан» елі. Ия, надан ел. Бұл сөзден ақын қорықпайды, тіпті «діні қатты» деп айыптаудан жүрексінебеді. Ол үшін бір ғана қара халық бар. Мағауия – соның жақшысы.

Сөйтіп, Мағауияның «Еңлік-Кебегі» өз заманы қотырының аузы болып отырған рушылдық, парақорлық, бақталастық сияқты саяси-әлеуметтік, адамдық мәселелерді көтерген. Мағауия шындығы тарихи мазмұннан аулақтау. Дегенмен ақын өмірде болған ақиқаттың астарын көркемдік шеберлікпен аша отырып, үлбіреген үкілі сезімнің жетегіне ерген қос мұңлықтың жаңа ғана бой қылтитқан жас құрақтай өмірін баса-көктеп жаншыған заман сарынын, салттың тозығын батыл әшкерелейді.

Шәкәрім поэмасында да махаббат – бар оқиғаның басты дінгегі. Ақын таза махаббатты адам бойындағы бар игі қасиеттер мен ізгіліктің белгісі ретінде өз поэзиясында идеалдандырып көрсеткен. Диссертацияда Шәкәрім поэмасындағы махаббат мәселесі оның шығармашылығындағы гуманистік ұстанымының бір бөлігі ретінде қарастырылды.

Шәкәрімнің авторлық позициясы поэманың атында да тұр. «Жолсыз жаза», яғни орынсыз, қате кесілген жаза. «Дала уалаятының газетінде» жарияланған әңгіме мен Мағауияның «Еңлік-Кебегімен» салыстырғанда, Шәкәрімде қазақтың ата салты емес және оны іске асырушылар да емес, осы салттың сойылын соққан болып сылтаулатушылар, оны бұрмалаушылар кінәлі.

Бір кезде елдің ішінен шыққан екі бұзық саналатын Еңлік пен Кебек махаббатына Шәкәрім гуманист ақын көзқарасымен қарайды.

Шәкәрім поэмасын «жолсыз» деп атады делік, солай бола тұра неге «жаза» деп бадырайтады? Жазаға кінәлілерді ғана тартушы еді ғой. Ендеше, Еңлік пен Кебектің кінәсі бар болғаны. Рас, Еңлік айттырып қойған жерін де, өз елін де жерге қаратып кетті – кінәлі, Кебек біреудің басы байлаулы жесірін алып кетті – тағы да кінәлі. Бірақ Кебек қазақта қыз алып қашқанның, Еңлік қашып кеткен қыздың алды да, соны да емес қой. Алайда, мәселенің бәрі осыған тіреліп тұрған жоқ. Екеуінің артында сыныққа сылтау таба алмай жауласқан екі рулы ел тұр.

Поэмада тарих басқа нұсқалардан гөрі алдыңғы орында көрінеді, оның ықпалы басым. Дегенмен негізгі оқиғалардың аясында ол орталық фигура бола алмайды, фон ғана. Ал сонда автордың негізгі нысанасы не? Ол – қоғамдық-әлеуметтік мәселелер, ел, жер тағдыры, халық жайы. Осы трагедияны Еңлік пен Кебектің тағдырымен қатар өре, бір ғана ғашықтық оқиғаның салдары арқылы көрсету – Шәкәрім шеберлігінің тағы бір дәлелі.

Мағауия сюжетінде екі контраст бар: оның бір ұшында Кеңгірбай бастаған тобырдың қара күшін көрсек, екінші ұшында – жазықсыз жастар Еңлік пен Кебектің ақ сезімі. Ал Шәкәрімде осы екеуімен қатар, кезең кесепаты, Кеңгірбай шешімін шығартқан тарихи оқиғалар ізін көреміз.

Поэмада жеке адамның басындағы қайғылы хал халық қасіретінің бір ұшқыны ретінде байқалады. Осыншама шиыршық атқан трагедиялық ситуация бір ғана кейіпкердің зұлымдығынан туындайды дей қою қиын. Мағауия нұсқасымен салыстырғанда, Еңлік пен Кебектің қазасын бір адамның мойнына артпай, сана мен заманның қатып қалған заңдылықтары мен тарихтың бір зобалаң кезеңіне байланыстыруы – ақынның өзіндік бір табысы.

Әр қаламгер – өз заманының жаршысы. М.Әуезов пьесасында кеңестік идеологияға сәйкес феодалдық қауымның «кертартпа қылықтарын» әшкерелейді. Драматург шығармасының жазылған уақыты ХХ ғасыр басы. Яғни, бүкіл қазақ кеңес әдебиетінің басты тақырыптарының бірі әйел теңдігі, махаббат бостандығы болып тұрған кез. Шәкәрімде ұшқыны байқалған осы жайт өз жалғасын ары қарай М.Әуезов пьесасында тапқан.

Жазушы уыз махаббаттың қайғысы мен қуанышын көрсету арқылы ел бірлігі, бейбіт өмір, адамның жеке басын қадірлеу, сана мен сезімнің азаттығы, адамгершілік ар мен өшпенділік, ыза-кектің айқасы сияқты мәселелерді өз заманына сай декорация, шешен тілмен бейнелеп, дәуірінің талабы мен талғамына, оқырманына сай өремен бере алды.

М.Әуезов пьесасынан ол өмір сүрген шақтағы ақ патшаның туын бір көтеріп, бірде алаш деп атойлап, енді бірде қызыл туға емексіген қазақтың күйі, сырттан бөрі болып енген жатқа бірігіп жон көрсеткеннің орнына, ауыл итіндей ала болып отырған халықтың жайын көргендей боламыз.

Қай кезеңде де, қандай қоғамда болмасын, шындықтың екі ұшы бар. Бірі – қарапайым халықтың ой-тілегі, екіншісі – билеуші топтың мүддесі мен мақсаты. Осы жұлге М.Әуезов пьесасында идеялық бағдар ретінде көрініп отырады.

Сонымен, ешбір нұсқада да тағы заман, бей-берекет кеткен жауыздық емес, қатал заң, қатаң салт бар. Наймандар Еңлік пен Кебекті бас салып, бауыздап

кеткен жоқ, билердің талқысына салды. Сол билер соты шешімімен өлім жазасына кесілді.

Екі поэма мен прозалық нұсқаға, пьесаға да ортақ тағы бір идея – тағдырға мойынсұну, «жазмыштан озмыш жоқ» деп Нысан абыз аузымен айтылған әу бастағы тағдыр ісін ақиқат ретінде қабылдау. Оған дәлел – бар шығарманың финалында абыз сәуегейлігінің қолмен қойғандай орындалуы.

Авторлар оқырманын Еңлік пен Кебек басындағы аянышты трагедияға ортақтастырып, олардың бойындағы жанашырлық сезім арқылы екі жастың «жаналғыштарына» деген кекті ызаны ұялатқан.

Әр қаламгер трактовкасынан өз заманының үні естіледі. Әңгіме мен Мағауия нұсқасында заман мен адамның ақыл ойын билеген қатаң салт пен ел билеушілерінің озбырлығы, Шәкәрімде тарихи кезең ауырлығы мен адамның бас бостандығы мәселесі алға шығады. М.Әуезовте әйел тендігімен қоса, бір орталыққа бағынбаған, әрқайсысы өзінің ұсақ мүддесін қызғыштай қорғаған рулар арасындағы жұлқыс, «бас-басына би болған» жікшілдік пен бірлік азған заманды көреміз.

«Еңлік-Кебек» – жалаң махаббат трагедиясы емес, бүкіл қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік трагедиясының айнасы. Еңлік пен Кебек оқиғасының түйіні – түптің түбіне келгенде матай мен тобықты руларының арасындағы бітіспес тартыс. Оларды тартыстырып қойған себептің өзін қазбалай келсек, қазақ-қалмақ қырғынының кесірінен жер дауын өршітіп отырған алақөздікті, ру басылардың өзара керісін, заманасы тудырған сана мен салттың салдарын көреміз. Авторлар «Еңлік-Кебек» сюжетін арқау ете отырып, ру мен ру арасындағы кикілжің, қазақ тұрмысына ежелден етене жер дауы, жесір дауы, қоғамдағы көпшіліктің жеке адам тағдырына араласуы, көптің пікірі жекенің үнін тұмшалап тастауы, ой бостандығы, махаббат еркіндігін шектеу сияқты әлеуметтік мәселелердің бетін аша алған.

Екінші бөлімнің үшінші тарауы «Нұсқалардағы образдар жүйесі» деп аталады. Бұл тарауда зерттеу нысанына алынып отырған шығармалардағы қаһармандар жүйесіне әдеби-теориялық талдау жасалған. «Еңлік-Кебек» хикаясының тарихи негізі бар. Сондықтан да, диссертацияда Еңлік пен Кебек, Кеңгірбай сияқты басты кейіпкерлердің есіміне байланысты тарихи деректер мен нақтылы мағлұматтар сараланған.

Сюжеттің негізі шынайы өмірден алынғандықтан, нұсқалардағы қаһармандар жүйесі бір-бірінен өте алшақтап кетпеген. Барлық шығармада да басты кейіпкерлер – Еңлік пен Кебек, оларға үкім айтқан – Кеңгірбай, болашағын болжаған – Нысан абыз.

Екі поэма, әңгіме мен пьесадағы Кебек бейнесі бір-бірінен онша ерекшеленбейді. Бар нұсқада Кебек туралы өмірлік дерекке қиянат жасалмай, Тоқтамыс батырдың інісі екені, сол кездегі қазақтың қас дұшпаны қалмақтармен қан майдан шайқаспаса да, ел ішінде қадір тұтатын білекті батыр болғандығы сол қалпында берілген. Барлық нұсқаларда да ол – ақ сезімге тұрақты адал махаббат иесі.

Әңгімеде болсын, поэзия мен драмадағы Кебек болсын, «батыр» деп аталғанмен, оның батырлығы сюжет сахнасына шықпайды. Тек М.Әуезовтің

оны ру мен ру арасындағы жанжалды білек күшімен шешуші ретінде ел аузына іліктіріп қойғаны болмаса. Авторлар негізінен Кебектің адамгершілік қасиеттері мен жан дүниесінің батырлығына мән берген.

Кебек батыр сүйген, Кебектің тағдырына байланып, етегінен ұстаған сұлу – Еңлік. Төрт автор таныс және бейтаныс, ұқсас және өзгеше Еңлік бейнесін сомдап берді. Барлық Еңлікке тән ұқсастық – батылдық пен шешімталдық, өрлік пен өжеттік. Бірақ әңгімедегі және Мағауиядағы Еңлік сол кездегі қазақ қоғамда қыз бала қаншалықты өжет, өткір болса да, халықтық әдеп, ұлттық сана алдында соншалықты дәрменсіз екендігін сездіреді. Ал Шәкәрім мен М.Әуезов Еңлігі осынау қоршауды бұзып, бұғаудан шыға алған жандар. Осылайша, Еңлік бейнесі қазақ қоғамындағы, қазақ әдебиетіндегі әйел образының эволюциясын көрсеткендей.

Нұсқаларда трагедиялық оқиғалардың түп тамыры Кеңгірбай биден тарайды. Диссертацияда Кеңгірбай бидің тарихи, әдеби бейнесі қатар алына отырып қарастырылған. Авторлар тарихи шындықтан ауытқымай, қазалы үкімді Кеңгірбайға таңа отырып, биді осы шешімге жетелеген жайттарды ашып беру арқылы образ сырын ашады. Ия, бар нұсқада да Кеңгірбай – қатыгез, қатты би. «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөздегі» және Мағауиядағы Кеңгірбайдың қатыгездігі пайда үшін пасықтықтан таңбаған паракорлық пен ел ішіндегі беделін беруден қорыққан мансапқұмарлықтан, кекшілдіктен туып жатса, Шәкәрім осы мәселеге басқа қырынан келген. Шәкәрім кейіпкерінің ел қамы үшін еріксіз қатыгез болып отырған жайы бар. Ал М.Әуезов Кеңгірбайы суы қырық құлаш тереңнен шығатын шыңырау құдық сияқты. Оның да шешімі амалсыздықтан туып отыр. Қаһары жетсе, қалың найманды басып алар түрі бар. Бірақ, көппен алысқанша, екі панасыз жанды құрбандыққа шала салғанды жөн көрді.

Қалай дегенмен де, біртұтас хандықтан, қабырғасы сөгілмеген тұтас елдіктен айрылған халықтың Кеңгірбайы елім деп еңіремейді, тобықтым деп күңіренеді. Заманының үні солай болар.

Еңлік пен Кебек жайлы шығармалардың бәрінде де бір жұмбақ кейіпкер бар. Ол – сюжетті басынан-ақ біліп, бәрін алдын ала болжап, негізгі түйіннің шешімін әуел баста-ақ айтып қойған шешуші тұлға, Нысан абыз. Зерттеуде ғалымдар пікірлеріне сүйене отырып, қазақ арасындағы абыз ұғымы, қазақ мәдениетіндегі абыздардың алатын орны, қызметі сияқты мәселелерге тоқталдық.

Авторлар абыз бойындағы тылсымнан берілген бір күштің барлығын жоққа шығармай, сонымен қатар оның бойына өз заманының адамына тән қасиеттерді де дарытқан. Нысан абыз – Шәкәрім мен Мағауия поэмаларында, қара сөзбен жазылған нұсқаларда да көріпкел қария, сәуегей. М.Әуезов оның бейнесін типтендіріп, даланың ақылгөй қариясы етіп көрсеткен. Жазушы Нысан образы арқылы бағзы замандардағы Тоныкөк, көшпенділер философы Асан қайғы, кешегі Әнет баба сияқты даланың дархан даналығын, кеменгерлігін санасында сақтап, кеудесінде толғатқан абыздарды тірілткісі келгендей. М.Әуезовте абыз дана философ деңгейіне көтерілген.

Драматург пьесадағы тартысты ширықтыра түсу үшін Кеңгірбай сынды көкжалға қарсы Еспембет биді, Кебек сияқты батырға қарсы Еңліктің әменгері Есенді сахнаға әкеледі. Олар басқа нұсқаларда жоқ.

М.Әуезов туындысында кейіпкерлер палитрасын молайтып тұрған бір образ бар. Ол – тапқыр да айлалы, ақылды да қуақы қойшы Жапал бейнесі.

Тек М.Әуезов пьесасында кездесетін келесі бір образ – Қараменде би. Шаңырақтың шайқалмауын, керегенің қисаймауын көксеп аң ұрған Қараменде күні еңкейіп, базарымен қатар беделі қашып бара жатқан қарт бабаның сұлбасын елестетеді.

Прозалық нұсқадағы образдар нағыз қаһарман деңгейіне жете қоймаған. Олар іс-әрекет үстінде көп көрінбейді, сұлбасы ғана бар. Кейіпкерлерді оқшаулап тұратын келбет-қасиеттері негізінен автор баяндаулары арқылы ашылған.

Мағауия поэмасында қаһармандар тұлғалана түскен. Бірақ олар Еңлік пен Кебектей не тым кіршіксіз, не болмаса Кеңгірбайлар әлеміндей әсіре жағымсыз. Мағауия образдары екі түрлі түспен ғана боялған.

Шәкәрім образдарын мынау жағымсыз, мынау жағымды деп шешім шығара алмаймыз. «Поэмада ойдан шығарылған бір де бір нанымсыз эпизод жоқ. Кейіпкерлері де өмірдегідей қарапайым,-дейді ғалым Б.Әбдіғазизұлы. - Олардың іс-әрекеттерінде, түсінік-танымдарында заман ауанынан оқшаулық байқалмайды» [17, 257-б.].

Қай кейіпкердің болмасын көңілге қонымсыз қылықтарын ақтап алуға болады. Шәкәрім өз қаһармандарын жеріне жеткізе мақтап немесе даттап кетпей, оқиға, іс-әрекет үстінде көрсетеді. Ақын образдардың сыртқы бейнесін аз сөз, қысқа детальдармен «жол-жөнекей» ғана беріп кеткен. Шәкәрімде портреттік сомдау аз. Ол кейіпкердің ішкі сұлулығын іс-әрекеттері арқылы ашып көрсетеді.

Драма табиғаты тапжылтпас тартысты талап етеді. Сондықтан да болар, М.Әуезов кейіпкерлері тастан қашалғандай сом, кесек тұлғалар. Автор қаһармандарын пьесадағы айқасқа түсірмес бұрын шындап, сынап алған сияқты. Әсіресе, М.Әуезов «Еңлік-Кебекіндегі» заманының салтына сақшы билердің жиынтық тұлғасы қорғасыннан құйғандай. Р.Нұрғали М.Әуезов образдары туралы: «Еңлік-Кебектің» аса құнды қасиеттерінің бірі – қаһармандарының жан-жақтылығы», -деп өз кезегінде әділ бағасын берген болатын [6,77-б.].

Әлеуметтік, идеологиялық және эстетикалық тұрғыдан жазылған әр алуан сападағы кесек-кесек образдар жүйесіндегі осындай ерекшеліктер Еңлік пен Кебек турасындағы туындыларды әрі ұқсастырып, әрі оқшауландырып тұр.

Қорытындыда негізгі ғылыми ой-пікірлер тұжырымдалып, әр бөлімде айтылған мәселелерге байланысты түйін жасалады.

Біз зерттеуде Еңлік-Кебек аңызының негізінде жазылған туындылар – «Дала уалаяты газетінде» «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген атпен жарияланған прозалық нұсқа, Мағауия мен Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмалары және М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасын қатар ала отырып, әр шығармадағы сюжеттік желі мен композициялық құрылым, тақырып пен

идеялық бағыттағы ерекшеліктерді таразылап, ол туындылардағы қаһармандар жүйесіне әдеби-теориялық талдау жасадық, аңызды жазба әдебиет туындысына айналдырып, қаһармандардың ішкі жан дүниесін, рухани болмысын жасаудағы қаламгерлер ізденістері сараланды.

Сол талдаулар барысында көз жеткізгеніміз – барлық нұсқаларды туыстастырып тұрған басты бір қазық бар. Ол – прозалық нұсқа мен қос поэманың және М.Әуезов пьесаның бір ортада – Абайдың ақындық айналасы, рухани ортасында туғандығы.

Туындыгерлердің «Еңлік-Кебек» аңызына жай ғана ғашықтық оқиға деп қарамай, мұның астарында жатқан тоқсан тараулы мәселелердің толғағын жазбай тани алуы – көрегендік. Ол мәселелер – қазақ халқының тарих толқынындағы ішкі-сыртқы өмір тынысы, шапқыншылық заман дүрбелеңі, қазақ қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтар, дәстүр мен діл, салт пен сана, замана тудырған пайым мен адами парасаттың ымыраласа алмауы.

«Ұлттың рухани мәдениетінің ең үлкен бір саласы – көркем әдебиет,-дейді академик С.Қирабаев. – Оны халық тарихының бейнелеу жолымен жасалған көркем шежіресі деуге болады. Халық басынан кешкен деректі оқиғалар, оларға қатысқан тарихи тұлғалар жайлы мәліметтер тарихпен бірге әдебиет беттерінде де көптеп кездеседі» [26, 9-б.]. Ендеше, оларды екшеп, ел игілігіне жаратып, шынайы бағасын беру – келешектің кемелдігіне бағытталған іс.

Қорыта айтқанда, «Дала уалаяты газетінде» «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген атпен жарияланған прозалық нұсқа, Мағауия мен Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмалары және М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы туған әдебиетіміздегі дәстүр мен жаңашылдық, тарихи шындық және көркемдік шешім, әдебиет пен дәуір тынысының бауырластығы сияқты мәселелердің мәнін ашуға септігін тигізеді.

Еңлік пен Кебектің жарқ етіп өткен өмірі мен өлімі жайлы шығармалар – халқымыздың өткен ғасырлардағы өмір сүру салтына, қаһарлы билері мен қайратты батырларына, сол батырларды қалтқысыз сүйе білген ару қыздарына соғылған ескерткіш.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Әдеби мұра. Революциядан бұрынғы мерзімді баспасөз бетінде жарияланған көркем шығармалар. Құрастырған және ғылыми түсініктерін жазған Ү. Сұбханбердина. – Алматы: Жазушы, 1970. – 256 б.

2 Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар(1888-1894). Құрастырушы Субханбердина Ү. – Алматы: Ғылым, 1989. – 656 б.

3 Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар(1899-1902). Құрастырушы Субханбердина Ү. – Алматы: Ғылым, 1992. – 576 б.

4 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.

5 Абайдың ақын шәкірттері. Дайындаған Қ.Мұхамедханұлы. – Алматы: РГЖИ Дәуір, 1993.1-кітап. – 224 б.

- 6 Нұрғалиев Р. Трагедия табиғаты: Монография. – Алматы: Жазушы, 1968. – 176 б.
- 7 Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердиев. Алматы: Рауан, 1991. – 47 б.
- 8 Мұқаметханов Қ. «Еңлік-Кебек» солай туған // Семей таңы. – 1987, 16 сентябрь. – Б.3-4.
- 9 Жұртбай Т. «Еңлік-Кебек» пьесасының тарихи негіздері // Мұхтар мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 352 б.
- 10 Артықбаев Ж. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні). Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. – 150 б.
- 11 Броневский С. О Законах киргизов (1831) // Қазақстан заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер = Древний мир права казахов. Материалы, документ и исследования. 10 томдық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – Т. 7. – 604 б.
- 12 Алтынбаев Қ. Махаббат құрбандарының ұрпақтары // Семей таңы. – 1990, 25 тамыз. – Б.3.
- 13 Қарамендин С. «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» хақында. – Қазақ әдебиеті. – 1989, 23 июнь. – Б.12-13.
- 14 Құрманбай Ш. Еңлік пен Кебектің баласы болған ба? // Айқын. – 2007, 19 сәуір. – Б.11.
- 15 Ердембеков Б. «Енді айтамын Еңлік пен Кебек сөзін...» // Жұлдыз. – 2008. – №8. – Б. 141-148.
- 16 Қасқабасов С. Абай және фольклор // Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
- 17 Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б.
- 18 Қорабай С. Абайдың әдеби мектебі // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2006. – Т.6. – 610 б.
- 19 Шәкәрімұлы А. Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім // Шәкәрімтану мәселелері: сериялық ғылыми жинақ. – Алматы: Раритет, 2007. – Т.1. – 448 б.
- 20 Картаева А.М. Абай мен Мұхтар Әуезов: рухани сабақтастық пен көркемдік тұтастық. – Алматы: Жания-Полиграф, 2010. – 380 б.
- 21 Жұртбай Т. Бесігінді түзе: Роман-эссе. – Алматы: Жазушы, 1997. – 560 б.
- 22 Еспенбетов А. Шәкәрім // Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт: ғылыми зерттеу. – Алматы: Раритет, 2008. – 240 б.
- 23 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1981. – Т.5. – 492 б.
- 24 Шәкәрім. Қазақ айнасы: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 296 б.
- 25 Мағауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі // Шәкәрім. – 2005. – №1. – Б.12-18.
- 26 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.

Диссертация тақырыбы бойынша жарық көрген мақалалар тізімі

1 Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмасындағы дәуір шындығы // С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың жас ғалымдары конференциясының баяндамалары. – Өскемен: ШҚМУ Баспасы, 2004. – Б. 41-47.

2 Қазақ әдебиетіндегі Кеңгірбай би бейнесі // Университеты XXI века: инновации и реформы: Материалы международной научно-практической конференции. – Усть-Каменогорск, 2004. – Б.125-128.

3 Қазақ әдебиетіндегі Нысан абыз бейнесі // Вестник КАСУ: общие проблемы филологии. – № 2. – Усть-Каменогорск, 2005. – Б. 114-118.

4 Құдайбердіұлы дастандарындағы салт пен сана күресі // Международное партнерство: язык, образование, наука, культура: Материалы международной научно-практической конференции. – Часть 2. – Усть-Каменогорск, 2005. – Б.52-55.

5 Қазақ әдебиетіндегі Еңлік бейнесі // Международное партнерство: свободное образование и научно-промышленный комплекс: Материалы международной научно-практической конференции. – Часть 2. – Усть-Каменогорск, 2006. – Б.82-85.

6 Шәкәрім шежіресіндегі тарихи деректердің ақын поэмаларындағы көрінісі // «Жоба тап, жол көрсет, Келешек қамы үшін...»: Аймақтық конференция материалдарының жинағы. – Өскемен, 2008. – Б.12-19.

7 Қазақ әдебиетіндегі «Еңлік-Кебек» сюжетінің көрінісінісі // Ізденіс – Поиск. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы. 2009. – №2. – Б.199-202.

8 Қарасы мен төресі қамап ақыл сұраған... // Шәкәрім. Ғылыми танымдық журнал. Семей, 2009. – №2. – Б. 58-61.

9 Еңлік-Кебек сюжетіне жазылған шығармалардағы Абай тағылымы // Хабаршы. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті. Ғылыми журнал. 2009. – №5. – Б.344-347.

10 Тарихи шындықтың көркемдік ғұмыры // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2009. – №5-6. – Б. 233-236.

11 Қазақ әдебиетіндегі Еңлік-Кебек сюжеті: рухани үндестік және әдеби сабақтастық // Инновации в образовании: международное партнерство и перспективные технологии: Сборник докладов международной научно-практической конференции. – Часть 2. – Усть-Каменогорск, 2009. – Б.24-27.

12 Қазақ әдебиетіндегі поэма жанры және Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» дастаны // Вестник КАСУ: общие проблемы филологии. – № 2. – Усть-Каменогорск, 2009. – Б. 26-29.

13 «Еңлік-Кебек» аңызы М. Әуезов интерпретациясында // «Чистяковские чтения»: Сборник материалов регионального семинара. – Часть 1. – Усть-Каменогорск, 2010. – Б. 109-113.

РЕЗЮМЕ

автореферата диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук по специальности 10.01.02 – казахская литература

Нурланова Асем Нурланкызы

СЮЖЕТ «ЕНЛИК-КЕБЕК» В ЛИТЕРАТУРНОМ И ИСТОРИЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ

Общая характеристика работы. В диссертационной работе рассматривается происхождение сюжетной линии «Енлик-Кебек» и изучается, как данный сюжет в дальнейшем получает художественное описание в произведениях литературы. В процессе сравнительного анализа пяти вариантов автор определяет тематику, композиционные особенности, и прослеживает, как исторические личности получают художественное обрамление.

Актуальность исследования. Каждое из произведений, посвященное описанию истории Енлик-Кебек, в отдельности изучено и описано достаточно хорошо. Диссертации защищены, монографии написаны. В целом же, в рамках одного диссертационного исследования они не были рассмотрены. Отсюда возникают следующие проблемы: влияние эпохи, казахско-джунгарских отношений, родо-племенного строя и жизненного уклада на эту трагедию, к тому же, каждый автор, описывающий сюжет «Енлик-Кебек», дает по-своему понимание данной трагедии, художественное описание жизненной ситуации, тип и прототип и т.д.

Одни и те же образы в разных произведениях описаны по-разному. Именно это и помогает раскрывать сходство и различие творчество Шакарима, Магауия, М.Ауэзова и в целом проблему литературной преемственности и литературной традиции и новизны. Из совокупности этих проблем и возникает актуальность исследования данной диссертации.

Цель и задачи. Цель диссертационной работы – сопоставительный литературный анализ произведений, посвященных «Енлик-Кебек».

Из данной цели следуют задачи исследования:

- рассмотреть исторический фон произведений во взаимосвязи с эпохой, в которой жили Енлик и Кебек,
- определить траектории художественного замысла, которые явились основой для написания этих вариантов;
- рассмотреть влияние традиций Абая и его литературной среды на сюжет «Енлик-Кебек»;
- проанализировать проблему литературной преемственности и духовного единства в этих произведениях;
- в процессе анализа всех этих произведений показать сходство каждого из авторов в общих чертах;
- определить, как каждый автор, каким образом и с какой целью использовал сюжет «Енлик-Кебек»;
- на основе исторической истины найти сюжетные различия каждого произведения, соотношение исторической истины с художественным описанием;
- сравнить художественные образы с их историческими прототипами;

- в результате анализа каждого варианта определить особенности литературной и исторической эпохи, где жили авторы, описывающие сюжет Енлик-Кебек.

Научная новизна исследования. Произведения, которые описаны на основе сюжета «Енлик-Кебек», рассматриваются впервые в рамках одной диссертационной работы. Это позволяет раскрыть новые горизонты исследованию данной проблемы. В работе рассматриваются все эти произведения с той точки зрения, что они берут свои истоки от Абая и его литературной среды.

В процессе сравнительного анализа раскрывается взаимосвязь исторической истины и художественного замысла, указывается, как каждый автор использовал этот сюжет по своему творческому направлению с учетом особенностей эпохи, раскрываются причины, повлиявшие на выбор автора при написании произведения.

Положения, выносимые на защиту:

- в основе трагедии лежат общественно-социальные проблемы;
- Абая и его литературная среда повлияли на написание произведений про Енлик-Кебек;
- все произведения об Енлик-Кебек имеют взаимосвязь и продолжение традиций и духовного единства;
- даже если каждый автор по-своему передал сюжет «Енлик-Кебек», тем не менее, они все остались верны основной сюжетной линии в историческом аспекте;
- один и тот же сюжет в каждом произведении передается в разной художественной палитре и показывает гражданскую позицию автора, литературное направление автора, литературную и историческую среду, где жил автор произведения;
- исторические образы в каждом произведении описаны по-разному, но в их ряд включаются новые персонажи, которые были придуманы в результате авторского домысла.

Объект исследования – две статьи «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз», «Қазақ турасынан хикая», которые были опубликованы в газете «Дала уалаятының газеті», поэмы «Енлик-Кебек» Шакарима и Мағауия, пьеса «Енлик-Кебек» М.Ауэзова.

Теоретическая и практическая значимость работы. Теоретическую значимость определяют результаты исследования, возникшие в ходе раскрытия проблем: место исторического контекста в литературном произведении, литературная преемственность, интерпретация исторического сюжета в художественном мире. Практическая значимость заключается в том, что результаты работы можно использовать на занятиях по истории казахской литературы, Абаеведения, Шакаримоведения, Мухатороведения, а также как дополнительный материал для научных исследований по данному направлению.

Структура работы. Диссертация состоит из введения, двух разделов, заключения и списка использованных источников.

RESUME

The author's abstract of the dissertation for the degree of candidate of philological sciences on speciality 10.01.02 – The Kazakh literature

Nurlanova Asem Nurlankyzy

THE PLOT OF «ENLIK –KEBEK» IN LITERARY AND HISTORICAL CONTEXT

The general characteristics of the work. In dissertation work the origin of plot line of Enlik –Kebek is considered and how the given plot takes the artistic description in the works of literature further is studied. The author defines the thematics in the process of comparative analysis of five variants, compositional peculiarities and keeps track of how historical characters take the artistic framing.

The actuality of the research. Each of the works taken separately dedicated to the description of the history of Enlik –Kebek is studied and described rather well. The dissertations are defeated, the monograph is written.

Taken as a whole, they are not considered within the limits of one dissertation research. Hence the following problems are arisen: the effect of epoch, Kazakh – Jungar relations to this tragedy, tribal order and set-up, also, the each author describing the plot of Enlik –Kebek gives in one's own lines comprehension to given tragedy, the artistic description of lively situation, type and prototype and etc.

The same images in different works described differently. Precisely this helps to reveal the resemblance and difference of creative work of Shakarim, Magayia, M.Auezov and in whole the problem of literary succession and literary traditions and novelty. The actuality of the research of dissertation arises from the complex of these problems.

The aim and objectives of research. The aim of dissertation work – comparative literary analysis of works dedicated to Enlik –Kebek.

The objectives of research are followed from given aims:

- to consider the historical background of works in interconnection with epoch in which Enlik and Kebek lived;
- to define the artistic conception path which has been the basis for writing these variants;
- to consider the influence of traditions of Abai and his literary environment to the plot of Enlik –Kebek;
- to analyze the problem of literary succession and spiritual unity in this works;
- to show the resemblance of each authors in a few words in the process of analysis of these works;
- to define the usage of the plot of Enlik –Kebek of how each author, in what way and with what aim used;
- to find the plot differences of each works on the basis of historical truth, the correlation of it with artistic description;
- to compare the artistic images with their historical prototypes;

- to define the peculiarities of literary and historical epoch as a result of analysis of each variant where the authors of describing the plot of Enlik – Kebek lived.

The scientific novelty of research. The works which have been described on the basis of plot of Enlik –Kebek are considered within the limits of one dissertation work for the first time. This gives possibility to reveal the new horizons of research to given problem. All these works are considered from that point of view that they take their sources from Abai and his literary environment.

The interconnection of historical truth and artistic conception are revealed in the process of comparative analysis, how each author used this plot on one's own lines the creative tendencies considering the peculiarities of epoch is referred, the reasons influenced on the choice of the author are revealed while writing the work.

The statements carried out for defence:

- the social problems are lying on the basis of tragedy Enlik –Kebek;
- Abai and literary environment influenced on writing of the works about Enlik –Kebek;
- all works about Enlik –Kebek have interconnection and continuation of traditions and spiritual unity;
- even if each author on one's own lines has rendered the plot of Enlik –Kebek, nevertheless, all of them have been left faithfully of the main plot line in historical aspect;
- the same plot in each work has rendered in different artistic palette and shows the civil position of author, the literary tendency of author, literary and historical environment where the author of the work lived;
- the historical images in each works are described differently, but new characters are included to their line which were invented as a result of author's conjecture.

The object of research – two articles «The one word that is in the thought of Kazakh and that is not forgotten», «The legend about Kazakh» which were published in newspaper «The newspaper of Dala Yalayati», poem «Enlik -Kebek» of Shakarim and Magayia, play «Enlik -Kebek» by M.Auezov.

The theoretical and practical value of the work. The results of research that have been arisen in the course of revealing the problem define the theoretical value: the place of historical context in literary works, the literary succession, interpretation of historical plot in artistic world. The practical value consists in that the results of work can be used at the lessons of history of Kazakh literature, conducting of Abai, Shakarim, Muchtar, also as an additional material for scientific research by given tendency.

НУРЛАНОВА АСЕМ НУРЛАНКЫЗЫ

«Еңлік-Кебек» сюжеті әдеби және тарихи контексте

10.01.02 – Қазақ әдебиеті

**Филология ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның**

АВТОРЕФЕРАТЫ

Басуға 25.09.2010 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік қағаз.

Әріп түрі «Таймс».

Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 1,5. Таралымы 120 дана.

Тапсырыс № 591.

«Әрекет-Принт» баспаханасында басылды.

050036, Алматы қаласы, 12-ықшамаудан,

16-үй, 69-пәтер.

Тел. 221-84-55.